

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ТҮСІНІГІ МЕН КОНЦЕПЦИЯСЫ

Бердібек Ғалия Ерғалиқызы

galiya.ergalikyzy@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші – Сейдеш Б.Б.

Аннотация

Ғылыми мақаланың тақырыбы: Мақалада әр түрлі мемлекеттердің қазіргі замандағы ынтымақтасты реттеудегі халықаралық құқықтың рөлі көрсетілген. Халықаралық құқық ұлтаралық қатынастарға қатысушылардың қызметін басқарудың маңызды құралы болып табылады. Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы рөліне ерекше назар аударылды. Осы мақаланың көмегімен біз Қазақстанның қазіргі уақыттағы халықаралық құқықты берік ұстанатын жарқын көшбасшылардың бірі болып табылатынына талдау жасай алдық.

Ғылыми мақаланың мақсаты: Халықаралық құқық әлемдегі тәртіпті және бейбітшілікті, гүлденуді, адам құқықтарын және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарға қол жеткізуді қолдайды. Дегенмен, жүзжылдықтар бойы бір ұлттың үстемдігіне немесе гегемония туындап, халықаралық құқықтың жариялануы мен таралуына қарсы болған. Басты мақсат терминге анықтама беру, концепциясына тоқталу және Қазақстанның халықаралық қоғамдастықтағы рөлін анықтау.

Ғылыми мақаланың кілт сөздері: халықаралық құқық, халықаралық қоғамдастық, Конституция, БҰҰ, конференция, қару, заң, түсіндіру

Ғылыми мақаланың қорытындысы: Бұл мақалада халықаралық құқықтың негізгі ұғымдары қарастырылды. әр түрлі перспективаны ескере отырып, Қазақстанның әлемдік аренадағы рөліне баға берілді, біздің еліміз халықаралық қатынастар мен құқық нормаларын толық ұстанатын ел қатарында деген қорытындыға келдім.

Аннотация

Тема научной статьи: В статье освещена роль международного право в регулировании современных сотрудничеств разных государств. Международное право является важнейшим инструментом управления деятельностью участников межнациональных отношений. Особое внимание уделено роли Казахстана. С помощью данной статьи, мы смогли проанализировать, что Казахстан в настоящее время является одним из ярких лидеров, кто твердо придерживается международного право.

Цель научной статьи: Международное право поддерживает порядок в мире и достижение основных целей человечества в области обеспечения мира, процветания, прав

человека и охраны окружающей среды. Тем не менее, на протяжении столетий раздавались голоса, нападавшие на международное право в целях содействия доминированию или гегемонии одной нации. Главная цель найти дать определение термину и выяснить роль Казахстана в международном сообществе.

Ключевые слова научной статьи: международное право, международное сообщество, Конституция, ООН, конференция, оружие, закон, объяснение

Заключение научной статьи: В данной статье рассмотрены основные понятия международного права. Рассматривая разные точки перспектив и оценивая роль Казахстан в мировой арене, можно прийти к выводу, что наша страна полностью придерживается норм международных отношений и прав.

Annotation

Topic of the scientific article: The article highlights the role of international law in regulating modern cooperation between different States. International law is the most important tool for managing the activities of participants in international relations. Special attention is paid to the role of Kazakhstan. With the help of this article, we were able to analyze that Kazakhstan is currently one of the brightest leaders who firmly adhere to international law.

The purpose of the scientific article: International law supports order in the world and the achievement of the basic goals of humanity in the areas of peace, prosperity, human rights and environmental protection. Nevertheless, for centuries there have been voices attacking international law in order to promote the dominance or hegemony of one nation. The main goal is to define the term and find out the role of Kazakhstan in the international community.

Keywords of the scientific article: international law, international community, Constitution, UN, conference, weapons, law, explanation

Conclusion of the scientific article: This article discusses the basic concepts of international law. Considering different perspectives and assessing the role of Kazakhstan in the world arena, we can come to the conclusion that our country fully adheres to the norms of international relations and rights.

Әртүрлі әдебиеттер көздеріне үніліп қарайтын болсақ, халықаралық құқықтың төрт түрлі анықтамаларын табуға болады. Осы анықтамалардың ең танымалы: “халықаралық құқық-тәуелсіз егемен мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін құқықтық тәртіп” екендігі анықталады. Халықаралық сот төрелігінің тұрақты палатасы Lotus 1927 жылдың 7 қыркүйегінде : “халықаралық құқық Тәуелсіз мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейді” деп жарияланған болатын [1, 13б.]. Аталған заңнамаға сай келетін түсініктерге қарағанда бұл анықтама тек тәуелсіз мемлекеттер арасында ғана қолданысқа ие болмай, сонымен қатар кейбір басқа егеменді бірлестіктер арасындағы қатынастарды реттейтін құқықтық тәртіп ретінде де айқындалады. Танымал «Brandweiner» барлығынан да кең анықтаманы ұсынып таңқалдыра білді. Ол «халықаралық құқық мемлекеттер мен басқа да шіркеу қауымдастықтары арасындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды, сондай-ақ түрлі шіркеулік қатынастарды қамтиды» деген тұжырымдамаға келді.

Кельзен мен Шелле атты ғылыми бағыттағы адамдар жоғарыда келтірілген анықтамаларды толығымен жоққа шығарды. Олар үшін «айқындау» термині объекті құқық субъектілерінің және олардың қатынастарының табиғаты емес, осы нормалармен қандай субъектілердің уәкілетті, осы нормалар шығатын құқықтық қайнар ретінде саналды. Соңғы анықтамаға сәйкес біз халықаралық құқықты - жекелеген мемлекеттер емес, халықаралық құқықтың немесе халықаралық шарт нормаларының жиынтығы деген анықтаманы ұсына аламыз.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылдың 15 тамызындағы "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығында Қазақстан әлемдік қоғамдастықта Экономикалық даму үшін жақсы әлеуеті бар мемлекет ретінде бекітіліп, әлеуметі тұрақты даму үстінде қалыптасқан мемлекет екені айқындалған. ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың "Қазақстан-2050" Стратегиясына сүйенетін болсақ, Қазақстан халқына Жолдауында 2012 жылы әлемдік

саясатта біздің еліміз - даусыз халықаралық аренада орны бар, жауапты, сенімді серіктес екендігі ерекше атап өтілді. Белгіленген жарлыққа сәйкес біздің еліміз жаһандық қауіпсіздікті нығайту ісінде маңызды рөл атқаратын, халықаралық терроризмге, экстремизмге және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте әлемдік қауымдастықты қолдайтынын аңғара алдық. [2].

Халықаралық құқық жалпыға бірдей танылған нормаларды қолданылатын ережелерді белгілей алғанымен, өкінішке қарай мемлекет ішіндегі құқықтық жүйелерде жаңа коллизиялық жағдайлар жасайтын деңгейге жете алмауда. Кемшіліктерді қамти отыра жақсы жағын да ізденген жөн. Сол негізде: Қазақстан Республикасының Конституциясы егеменді мемлекеттердің құқықтық жүйелеріне тән және халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларымен қабылданған жалпы құқықтық заңнамаларды қамтитынын айтуға болады. Алайда, егер басқа жағынан қарайтын болсақ Қазақстан Республикасының Конституциясы халықаралық құқықтың принциптері мен нормалары Отандық құқықтық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде саналып, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылатын нормаларға сәйкес екені анықталды [3]. Ұлттық құқықтық жүйенің құрамдас бөлігі бола отырып, халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормалары мемлекетішілік қатынастардың ерекше реттеушісі саналған. Халықаралық құқықтың жалпыға танымал қағидаттары мен нормаларын қазақстандық құқықтық жүйеге кіріктірілген деп жариялай отырып, Конституция халықаралық құқық қағидаттары мен халықаралық құқық нормалары ұғымдарын бөлек қарастыруға болмайды және оған еш негіз қарастырылмаған.

Қазіргі кезде әлемдегі жағдай күрделіленіп, жаңа мәселелер туындауда. Осы мәселеге сәйкес ескі сұрақтар көптеген жанның мазасын қашырып, көкейтесті сұрақтарды күрделендіруде. Бұл жағдайда халықаралық құқықтың мәні мен рөлі - халықаралық өмірде акторлардың қызметін басқарудың маңызды құралы ретінде артуда. Он жетінші ғасырдың бастапқы ширегінде халықаралық құқықтың бірінші анықтамасын оның негізін қалаушылардың бірі - голланд ғалымы және дипломат Гуго Гроций атап өте кетті. Оның тұжырымдауына: "Халықаралық құқық барлық немесе бірнеше халықтардың еркімен шығарылатын заңнама"[4, 20б.]. Халықаралық құқықтың негізгі функциясы бейбітшілікті қолдауға, туындаған жанжалдарды шешуге және мемлекеттердің ынтымақтастығын қамтамасыз етуге негізделеді. Қазақстан халықаралық құқыққа ие болмай тұрып, ұзақ тарихи жағдайларды кешіп, тек енді ғана бұл заңнамаға көше бастауы да жақсы сабақ бола бастады.

Қазіргі уақытта БҰҰ-ның Қарусыздану жөніндегі конференциясы қару-жарақты бақылау, қарусыздану және қаруды таратпау мен жаһандық қауіпсіздік саласындағы көп жақты үнқатысудың негізгі мәселелері бойынша пікір алмасудың жалғыз алаңы болып қала береді. Маңызды конференция аясында Қазақстан ғарыш кеңістігіндегі қару-жарақ жарағын алдын ала таныстыру бойынша көпжақты заңдық міндеттеуші құралды әзірлеуге ұсыныс білдірді [5]. Бұл да болса біздің елдің бір қадам алға қарай қадам басуының бір көрінісі.

Халықаралық құқық 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму мақсаттары мен күн тәртібін қозғалысқа келтіруге тиісті ұғымның бірі. Қарастырылған шешім 2015 жылы БҰҰ саммитінде қабылданып, күн тәртібінде тұрақты даму саласындағы 17 мақсат пен 169 міндет бар екенін аңғарта кеткен мәселенің бірі [6, 5б.]. Егер халықаралық-құқықтық нормалармен қамтамасыз етілсе, барлық 17 мақсаттар нақты жүзеге асырылуы мүмкін деген болжамдар да қарастырылуда. Біздің сыртқы саясатымыз транспарентті кезеңде тұр. Транспаренттілік термині біздің елде: сенімділікті нығайту, бүкіл әлем үшін ортақ қауіптермен күрес, сауда экономикасындағы, мәдениеттегі, ғылым мен технологиялардағы ынтымақтастықты кеңейтуге үлкен әсерін тигізетін іс-әрекеттердің ұғымы ретінде анықталуда [7]. Дамушы елдермен салыстырғанда халықаралық құқық түсінігі елімізде кеңінен өз мағынасына ие болып, іс-әрекеттерін жасауда. Құқықты барлығы түсінеді. Түсінген бір бөлек, ал оның «халықаралық» деген ұғымын қарастырып, концепциясын анықтай білу – заң сала өкілдерінің міндеті мен парызы. Қарапайым тұлғаға таңсық

анықтамаларды түсіну мен оны жақсы бағытта тарата білуді әр жан өзінше түсініп, үйренуі білуі де шарт пен заңға деген адалдықтың басты көрініс екенін ұмытпауымыз керек!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://www.ejil.org/article.php?article=577&issue=43>
2. <https://cyberleninka.ru/article/n/aktualnye-problemy-mezhdunarodnogo-prava-respubliki-kazahstan-i-voprosy-vzaimodeystviya-s-kazahstanskoy-mezhdunarodno-pravovoy-naukoy/viewer>
3. ч. 1 ст. 4 Конституции Республики Казахстан-1995
4. Международное право: учебник / отв. ред. В. И. Кузнецов. М.: Юрист, 2001.
5. Гетьман-Павлова И. Международное право: Учебник. М., 2008.
6. Хужокова И. М. Международное право: Учебное пособие для вузов. 4-е изд., испр. М., 2009.
7. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық.- Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008 жыл.